

КЕЛІСІЛДІ

«Сәтбаев қаласының
білім бөлімі» ММ басшысы

 Б.Ақишбеков
« 31 » 01 2022ж.

**БЕКІТЕМІН**

«19 мектеп-лицейі» КММ

директоры

 Ж.С.Жамангарина
« 31 » 01 2022ж.



**«Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық-педагогикалық қызметінің
құндылықтары» атты фестиваль ЕРЕЖЕСІ**

Жалпы ережелер

Осы ереже Ы. Алтынсарин атындағы альянс мектептері мен Сәтбаев қаласының білім ұйымдары арасында өткізілетін **«Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық-педагогикалық қызметінің құндылықтары»** атты фестивальдың шарттарын анықтайды, мақсаттар мен міндеттерін және қатысу тәртібін анықтайды.

Фестивальдің мақсаты: Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларын педагогтердің оқыту үрдісіне енгізу тәжірибесімен бөлісуін ұйымдастыру, үздік тәжірибелерді насихаттау.

Фестивальдің негізгі міндеттері:

- білім алушылардың сапалы жаңа білімдік нәтижеге жетуге бағытталған жаңа оқу-әдістемелік материалдарын құру арқылы білім беру процесінің тиімділігін арттыру;
- педагогтің педагогикалық идеяларын сабақта қолдану бойынша тәжірибесін насихаттау;
- Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағыттау әдістерімен бөлісу;
- мұғалімнің тәрбие жұмыстарындағы басқару шеберлігі мен іскерлігі тәжірибесімен бөлісу.

Фестивальді ұйымдастыру және өткізу тәртібі:

Қарағанды облысы білім басқармасының Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «№19 мектеп-лицейі» КММ фестивальді ұйымдастырады.

Фестивальді өткізу мен дайындау жұмыстарын үйлестіру және ұйымдастыруды іске асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Фестиваль 2022 жылдың ақпан айының 23 айында өткізіледі.

Өтетін орны: «№19 мектеп-лицейі» КММ

Өткізілу түрі: ZOOM платформасында

Фестивальге қатысушылар: жалпы білім беру ұйымдарының басшылары, мұғалімдері, тәрбиешілері.

Фестиваль келесі бағыттарды қамтиды:

I бағыт «Менің педагогикалық тәжірибем»

Мектеп педагогтерінің оқыту үрдісінде Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларын қолдану бойынша тәжірибемен бөлісуі;

II бағыт «Функционалдық сауаттылық –білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары»

Педагогтің сабақта оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған әдістерді қолдануы;

III бағыт «Тәрбие беру шебері»

Ыбырай Алтынсариннің шығармалары бойынша сахналық қойылым бейнероликтері.

Қорытындылау, қатысушыларды марапаттау: «Менің пікірім, ұсынысым»

Рефлексия әдістері. Тәжірибе бөліскен педагогтарды марапаттау рәсімі. Әділ-қазылар отырысының хаттамасы негізінде жеңімпаздар «Сәтбаев қаласы білім бөлімі» ММ-нің, I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталады.

Фестивальдің негізгі қағидаттары:

Әрбір қатысушы фестивальдің бірнеше бағыттары бойынша жұмыстар ұсына алады. Қабылданатын жұмыс түрлері: элективті курс бағдарламалары, шебер сыныптар әзірлемесі, 3-5 минуттан аспайтын сахналық қойылым бейнеролигі;

Фестивальге қатысуға өтінімдер мен жұмыстар төмендегі электрондық поштаға satschool19@mail.ru қабылданады. (*«Фестиваль материалдары» атауымен көрсетілген поштаға жіберілу керек*) Ұйымдастыру комитеті жұмыстарды алдын-ала іріктеу кезеңінен өткізеді және оларды әділ-қазылар алқасына талқылауға ұсынады. Сапалы іріктелген жұмыстар қорғауға жіберіледі. Ұйымдастыру комитеті жұмыстарды 19.02.2022ж. дейін қабылдайды. Ұйымдастыру комитетіне көрсетілген уақыттан кейін келіп түскен, сондай-ақ тақырыпқа сәйкес келмейтін материалдар қарастырылмайды.

Жұмыстарды бағалау критерийлері:

Ұсынылған жұмыстың тақырыпқа сәйкестігі;

Заманауи технологияларды, АКТ құралдарын қолданылуы;

Ұсынылған жұмыстың әдістемелік құндылығы және оны кеңінен қолдану мүмкіндігі;

Бейнероликтің ұзақтығы 3-5 мин., бейнематериалдың сапасы, сахна мәдениеттілігін сақтауы;

**«Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық-педагогикалық
қызметінің құндылықтары» атты фестивальға қатысуға өтінім**

	Қатысушы туралы мәлімет	
1	Педагогтің аты, жөні, тегі	
2	Қала, ауданы	
3	Пәні	
4	Оқыту тілі	
5	Тақырыбы, іс-шара түрі	
6	Электрондық поштасы	
7	Байланыс телефоны	